


1 2005  
60804



Кәбір ҒАБДУЛЛИН

АЛТЫН МҮЙІЗ  
АҚ ҚҰЛЖА











**Кәбір ФАБДУЛЛИН**

**Алтын мүйіз  
Ақ Құлжа**

*өлеңдер мен поэмалар*



Астана  
2004

821.512.122-1

ББК 84 Қаз 7-5

F 13

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат министрлігінің бағдарламасы  
бойынша шығарылды

СІЙУМ НЫТПО  
АЛТАЫН МҮЙІЗ

Фабдуллин Кәбір (Фабдұл-Кабир).

F 13 Алтын мүйіз ақ құлжа. Өлеңдер мен поэмалар –  
Астана: Фолиант, 2004. – 280 б.

ISBN 9965-619-66-2

Жинаққа ақынның соңғы жылдары жазған өлеңдері мен поэмалары топтастырылған. Ақынның қай өлеңінен де адамгершілік пен адалдыққа тәрбиелейтін, тәрбие тәлім берерлік жолдар ерекше әсер береді. "Алтын мүйіз ақ құлжа" поэмасының мазмұны терең, оқығасы тартымды.

Жалпы оқырманға арналған.




F 4702250202 04  
00(05)-04

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-619-66-2

© Фабдуллин К., 2004.  
© "Фолиант" баспасы, 2004.



## Өлеңдер



## ОЙ ТОЛФАҚ,

Мазалап, музға, сені шақырмадым,  
Қайнадым, ой сапырдым, сақырладым.  
Найзагай отын жағып ашық күнде,  
Тұнердім, күркіредім, шатырладым.

Тыныстап, тыңдалап көрмей дала күйін,  
Тар қапас — тұрақ болмай барады үйім.  
Жарқылдап шақыргандај жыр нөсерін,  
Көңілім көбік шашқан ала құйын.

Кеудемнен дауыл тұрып дүркірейді,  
Жағамнан жатсам жұлқып сілкілейді.  
Жай таппай жаным менің алабұртып,  
Жүрегім ағыл-тегіл жыр тілейді.

Сезгенде піспей жеміс жиналғанын,  
Бас салып, оңай олжа сыйды алмадым.  
Нақыштап, ойды сұлу сөзбен сырлап,  
Жалғыз бұл емес менің қиналғаным.

Толғанып таңды талай атырғанмын,  
Мың тұрып, қайтадан мың отырғанмын.  
Жазғаным жаза баспай тура жетіп,  
Көңілін тапса деймін оқырманның.

Тапжылмай тұрмын тағы басым қатып,  
Шабыт жүр шартарарака жасын атып.  
Өлеңмен өрнектеліп қалса екен тек  
Осы бір қайталанбас асыл уақыт.

Жаңбырды желмен қумай басылайын,  
Жадырап жауған күндей ашылайын.  
Жүйелеп жыр бейнесін шығарайын,  
Түйіндең, қырнап, қашап, асығайын.

Әр сөзді тізіп өлең сөресінде,  
Жұземін ойдың алып кемесінде.  
Оқушым, саған тартар сыйым осы,  
Өзіңсің әділ қазым, төрешиң де.

## ҚАЙРАН ҰАҚЫТ

Қайран ұақыт, көп сырды құндақтаған,  
Құндақтаулы құпияң қымбат маған.  
Көрсем, білсем, ұғынсам деген ойды  
Сайтан сезім жадылап тыңдатпаған.

Не тіледім, белгілі не таңдадым,  
Жетсем дедім, жүгірдім, жете алмадым.  
Өмір – өзен ағызып, ала қашып,  
Арнасынан ауытқып кете алмадым.

Дәмін таттым мансантың дәндедім бе,  
Мас та болдым, үқсадым әлдекімге.  
Айдын емес көпірген болдым көбік,  
Бойда қуат қалмады дәрменім де.

Мақсат айқын, десем де бұрылмаспын,  
Желді қудым, жынмен де жымындастым.  
Аңғал басым алданып әлденеге,  
Итпен ит боп жұлыстым, ырылдастым.

Жаңсақ бастым, жаңылдым бағытымнан,  
"Ойбу" десем өкініш ағытылған.  
Тұмсаланып, тұншығып жатыр іште  
Сырым сұық дауылдай жағы тынған.

Теңгермедің демеймін дос етпедің,  
Не тындырдым деп іштей есептедім.  
Атақ-даңқың өкініш емес бірақ,  
Маған сенің өкініш бос өткенің.

Қайран уақыт, көп сырды құндақтаған,  
Құған сайын зымырап тіл қатпаған.  
Сен өмірдің өлшемі болғандықтан  
Әрбір қүнің, әр сәтің қымбат маған.

## АБАЙФА

Ойлансам ойшыл бейнең елестеген,  
Кезім жоқ, ақыл сұрап кеңеспеген.  
Болғанмен даңғыл дарын ақындар көп,  
Өзіңе соның бірі теңеспеген.

Демеймін қолынды алыш тілдеспедім,  
Бойында жүрміз бірге жыр дестенің.  
Кім білсін, сенсіз мүмкін бүгінгідей,  
Өлеңнің құдіретін білмес пе едім?

Сен барда өлең жазу қын маған,  
Жел сөзге жүрек жылып, үйыр ма адам.  
Абайдан артықсыз, — деп жүргендер бар,  
Ақындық, даналық та бүйірмаған.

Бәрібір, тұлпармысың, пырақпышың,  
Сусындар мөлдір таза бұлақпышың.  
Мен үшін жеке-дара тұрган мәңгі  
Қазақтың Прометейі сияқтысың.

## АҚТАҢДАҚ

Есіме алсам тарихтың актаңдағын,  
Ақ жүзіме үйріліп ақ таңда мұң.  
Күллі әлемді бір мезгіл күнірентіп,  
Жан даусыммен келеді аттандағым.

Жаңа гүлдеп жатқанда дала түлеп,  
Соққан келіп кәдімгі қара түнек.  
Шерін шертіп, мұң-зарын айтса біреу,  
Соның өзін жау санап қалатын ек.

Жаба тоқып жауырды жасыратын  
Біреулерге көрінер әсіре тым.  
Қан жұтқызыған халқыма нәубет күндер –  
Қайғым менің, айықпас қасіретім.

Жүрек сыздап, жан шошыр наза-мұнды,  
Талып жеткен естимін азалы үнді.  
Күндіз күлкі, бұзылып үйкым түнде,  
Тағдыр, сенің тарттым-ау азабынды.

Бірлік – үйым жоқ елміз, сонымыз ба,  
Талай сойыл соғылған жонымызға.  
Көрген қорлық, тауқымет аз болғандай,  
Голошекин жолыққан сорымызға.

Бұл бір кетпес ғасырдың қара дағы,  
Қара дақ боп тарихта қалады әлі.  
Тұтас халық, күйзелген сол бір кезең  
Жүректерді қаншама жаралады.

Ақ, көңіл жұрт, баладай аңқылдаған,  
Жайсан жаны жүзінде жарқылдаған.  
Сайын дала солардың мекен-жайы,  
Күміс күмбез, кең сарай алтындаған.

Болған оның сонда да соры қалың,  
Қандай күйге білмеген жолығарын.  
Данаалары қор болған айтамын деп,  
Әрбір істің жөні мен жолы барын.

Шықса біреу шындықты қолдап іштен,  
Көнген екен еріксіз ол да күшпен.

Елде шолақ белсенді билік құрып,  
Ақын емес, әкімі болған үстем.

Момындарға талғажау татырмаған,  
Тұзде қорқақ, үйдегі "батыр" жаман.  
Барды құртып осылар ойран салып,  
Қолдан жасап орнатқан ақырзаман.

Аштық-апат сумандап сұғанақ, көк,  
Ойды-қырды кезіпті шырғалап көп.  
Босағасын босатпай әрбір үйдің,  
Арсыз ажал тұрыпты сығалап кеп.

Кәрі-жасқа қарал ол таңдасын ба,  
Кетті қанша жақының, қандасың да.  
Сонда рақым қылмаған қалалардың  
Қалған астық сақталып қамбасында.

Ұлан-ғайыр симаған даласына,  
Не болмады қазақтың баласына.  
Әмір өксіп, от сөніп қалған үйлер,  
Тұрғындардың айналған моласына.

Қала – қапас бұрынғы қол үзбеген,  
Тірілері тырбанып жол іздеген.  
Тамыр-талшық, табылса тышқан аулап,  
Бақа-шаян нәр болған қоңызбенен.

"Өлі балық кезігіп өлмегенге",  
Болған арқау шырағы сөнбекенге.  
Шартарапқа шашырап кеткен сөйтіп,  
Ол бір аңыз секілді көрмегенге.

Жарық сәулең – алданыш арман екен,  
Арман – сағым баянсыз жалған екен.  
Жүздеп, мындал шұбырган соның көбі,  
Жол бойында көмусіз қалған екен.

Қаңқаларға тіл бітіп келсе бір сәт,  
Көргендерін айтуға берсе мұрсат.  
Тірілер де түгелдей жиналып кеп,  
Біз де болсақ ішінде тыңдалап тұрсақ...

Сонда содыр-сойқандар келер ме еді,  
Келгендерін бетпе-бет көрер ме еді.  
Көнер ме еді мойындалап олар түгел,  
Шошып әлде тіл тартпай өлер ме еді?

Әңгір таяқ ойнатып елімізге,  
Құзғын жайлап, қоныпты төрімізге.  
Сол жылдары жазылмас жара түсіп,  
Ажарынан айрылған жеріміз де.

Құба жонды қуратып құм басыпты,  
Сұлу көркін аша алмай гүл жасыпты.  
Сыңсып селеу, шуылдалап шилер жылап,  
Бебеу қағып, аңызак мұндастыпты.

Жетесіздер жұтатып тіршілікті,  
Ел тынысы тарылышып, тұншығыпты.  
Аңдар ауып, құс безіп тұрағынан,  
Қайран өлке қамығып, күрсініпті.

Өтті жылдар, өзгерді дала біздің,  
Орны бөлек қазіргі қаламыздың.  
“Елу жылда ел жаңа” десе-дағы,  
Жазылмайды тыртығы жарамыздың.

Қайғы-шерге көкірек толғандығын  
Бүркеп бұрын көп әдіс қолданды мың.  
Жаңа дәуір, өзгеше заман туып,  
Айту, айтпау арга сын болған бүтін.

Жаздым мұны жас үрпақ, көрмесін деп,  
Енді қайтып сол күндер келмесін деп.

Казақ, көрген қорлықты бұдан былай,  
Адамзаттың басына бермесін деп.

Кінә қуып, іздемей ойдан айып,  
Кесіп етсек болмай ма бойға лайық?  
Өтен күннің ұмытпай сабактарын,  
Ойланайық, жұртым-ау, ойланайық,

## АНАМА

Ананың естіледі қырдан әні,  
Болған жоқ, адам сені жырлап әлі.  
Өмір мен ана деген егіз ұғым,  
Мәңгілік махаббатпен жырланады.

Даланың бесік жыры – самал желі,  
Қазақтың күй шертеді содан жері.  
Даламдай даналығың кеңдігінмен,  
Тәнірдей табындығран саған мені.

Табаным тиер-тимес жерге менің,  
Адамдық қасиетті берген едің.  
Бүгінде саған тартқан жүрегіммен  
Кеудемді кернеп әуен тербелемін.

Анашым, құлмын төзім-тағатыңа,  
Тентекті қосқан адам санатына.  
Қиялмен жүрмін кезіп кең әлемді,  
Арманның мініп алып қанатына.

Көңілім сапар тілеп асыға ма,  
Мен әйтеу беймазамын асыл ана.  
Өтелмес ұшан-теңіз парызың бар,  
Берерім менің саған осығана.

## ЕЛІК ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Ойнақ салып ақ түтек жыны ұстаган,  
Қажып-талып, булыққан, жылыстаған.  
Дала дел-сал, ауыл тез есін жиып,  
Жаңа ғана бел шешіп тыныстаған.

Кешкі мезгіл, күн нұры дәңгеленіп,  
Алтын табақ аспаннан көрген едік.  
Сол бір сәтте жапаннан жалғыз қара,  
Тура тартып ауылға келген елік.

Жапа шегіп жалғыздық күйігінен  
Келмей түр-ау байғұстың қүйі, білем...  
Жан сауғалап жануар жеткен болар,  
Қасқыр қуып адасқан үйірінен.

Жүйткіп шабар жоқ, екпін, жоқ, арын да,  
Әзер жеткен малтығып жаңа мұнда.  
Әлдеқандай белгісіз жалыныш бар  
Жаутаңдаған еліктің жанарында.

Мойыл көздер жаудырап қарағанда,  
Мұңын шағып түрғандай әр адамға.  
Толып кетті ауылдың түрғындары,  
Елік түрған жиналып тар алаңға.

Таңдай қағып, тамсанып, тамашалап,  
Сығалайды келгендер жанасалап.  
Ол үмітпен қарайды адамдарға,  
Қалатындағы үйірін арашалап.

Бұкшең басып, бүрісіп, сүмірейген,  
Шықты біреу көздері шүңірейген.  
Кезей берді сол пенде жуық келіп,  
Қос ауыздың ұңғысын үңірейген.

Қағып қалдық, мылтығын атқызбадық,  
Қызыл қанға сұлуды батқызбадық,  
Қыр еркесін бірақ біз ауыл болып,  
Сиғызбадық, аялап жатқызбадық,

Ажал іздеп атылар оқты сезіп,  
Пәк жүргегін қасырет кетті ме езіп?  
Қорған іздеп адамға келген елік  
Пана таппай дағаны кетті кезіп.

## ЖАҢА ЖЫЛ

Арудай аңсап күткен жаңа жылым,  
Әкелген барма жақсы жаңалығың?  
Көгершін көңіл шіркін орнықпаған  
Үміттің отын үзбей жағады мын.

Сығалап үміт-сәуле тұндігінде,  
Жұмыр Жер айналады кіндігінде.  
Жемісті жылдар легі тізбектеліп,  
Жалғайды тұндер үзген күнді күнге.

Жер – үршық шыр айналып, зырылдаған,  
Бөгеліп тоқтамаған, бұрылмаған.  
Өмірдің жібін үзбей тұрса Күнім,  
Төгеді көппен бірге нұрын маған.

Ізгілік ірге тепкен жүрегімнен  
Ақтарып ақ тілекті жүремін мен.  
Осылай қосам үлес келешекке,  
Адамдық адал ниет тілегіммен.

## ҚОШТАСУ

Безілдеп оркестр аh ұрып барады,  
Шұбырған қалың топ артында қаралы.  
Соңғы рет шығарып келеміз үйіңнен,  
Зарлы мұң төгіліп жүректен жаралы.

Күнірен оркестр, ботадай боздашы,  
Өксік пен өкініш, шықсын да көз жасы.  
Шер көңіл сергісін, арылсын қайғы-мұң,  
Қасірет пернесін ақырын қозғашы.

Зіл батпан ауыр ой сығымдап қинайды,  
Сыздаған жүрегім кеудеме симайды.  
Аңқылдақ, ақжарқын ағажан, өзінді,  
Көңілім өлімге тіпті де қимайды.

Амал жок, бұл — шындық, боса не босама,  
Шайқалып шаңырак, күйреді босага.  
Сен кетіп барасың оралмас сапарға,  
Қадырлым, қимасым, хош аға, хош аға!

## КҮРЕҢ АТ

Қазақтың туса тұлпар даласында,  
Сақталар көптің көңіл-санасында.  
Сәйгүлік тұлпар тектес болған сондай,  
Әкемнің бірге тұған агасында.

Жүйрік ат, ит пен қыран арылмаған,  
Айтагам жоққа кейіп тарылмаған.  
Бар еді малда жалғыз күрең аты,  
Екпіні шапсаң үдең арындаған.

Жарысқа мені бірде жіберген-ді,  
Мен оған көңіл тасып жігерлендім.

Дайындық, көріп сайыс — үлкен сынға,  
Күренді балтап-күтіп, жүгендедім.

Халық та қара нөпір жиылыпты,  
Дан-дүңнан артық-ауыс тыйылыпты.  
Үлкендер күбір-күбір тілек айтып,  
Дүғалық оқып іштей сыйынып тұр.

Көмбеден біз күншілік жерге кеттік,  
Жолшыбай аттың қамын ермек еттік.  
Жазық пен талай белес кезең өтіп,  
Ақыры биіктеу бір өрге жеттік.

Жіберді қатар түзеп төрешіміз,  
Біз кеттік алда қызық көресіміз.  
Келеміз айла-тәсіл андысумен,  
Ешкімге болмай есе бересіміз.

Басында шырқап шығып кеткенім жоқ,  
Қамшылап атқа қысым етпедім көп.  
Тізгінді тежей ұстап, күшін сақтап,  
Өкпеден өкшелеп бір тепкенім жоқ,

Тұлпардың талай-талай мысын басқан,  
Күрен де сілтей берді қысылмастан.  
Болмайды күшін сарқа жұмсау бірден,  
Қолтығын жазып, терлеп, ысылмастан.

Кезінде қуып жүріп киік алған,  
Ағамыз қайтқан емес күйіп аңнан.  
— Атыңа тұстес киім ки, — деген соң,  
Үстіме қызыл көйлек киім алғам.

Басыма қызыл жібек тартып берген,  
Көвшік қып ерге қызыл барқыт керген.  
Айтағаң бір мейірбан адам еді,  
Баланы жанынан шын артық көрген.

Бәрін де маған айтқан кеңестердің,  
Ұмытпай ойға тоқып мен ескердім.  
Біразы қалды құлап, аты лағып,  
Шабандоз атқа берік еместердің.

Көрсетпей қолда дырау қамшы барын,  
Барыңның дедім енді салшы бәрін.  
Көзіне құйылмасын деген оймен.  
Сүртемін тердің аңы тамшыларын.

Дегендер "жеткізбей шын озамын ба",  
Көміліп қалды жолдың тозаңында.  
Жұтынған небір жүйрік қалып жатыр,  
Намыстың құйіл-жанып тозағында.

Құқылдау кірмесе де жөнді реңім,  
Секілді қызыл жалау желбіредім.  
Бір-бірлеп өзгелерден озған сайын,  
Қызбалық сабырымды жеңді менің.

Екпіннен дауыл тұрып, құйын соқты,  
Куреңім дүлдүл — тұлпар күйін шекті.  
Отырган мені мығым сезер емес,  
Бір уыс көтергендей түйіншекті.

Сурылып жеке-дара шыға бердім,  
(Беретін бағын аты сынап ердің).  
Келгенде жалғыз қара топтан озып,  
Таңырқап түсті көзі бұған елдің.

Соңынан дей ме күліп мазақ етем,  
Намысы қайнап әлде қоза ма еken?  
Жұытпай жарысқанның бірін жақын,  
Озғанда жүйрік солай озады еken.

## АЛМАТЫ ӘСЕРІ

Алматыға алғаш келген кезім-ді,  
Қала көркі сүріндірген көзімді.  
Сұлу қала сұлу сазбен тербеліп,  
Оятады тұнып жатқан сезімді.

Зәулім үйлер, сая бақтар тамаша,  
Тамсандырған таңдантып жас балаша.  
Көшелері бір керемет алдыңнан  
Көрсетуге асырады таласа.

Шұбырған жұрт ерсілі де қарсылы,  
Сөзге сараң, жасырулы жан сыры.  
Бейбіт күнді тұрған жіті күзетіп,  
Сарбаздардай Алатаудың әр шыңы.

Суға толы сыңғырлайды тас арық,  
Алып емен қасқаяды қасарып.  
Мұндай жерде көрілердің өзі де  
Кетеді екен табиғатпен жасарып.

Жұпар атқан гүлдер қандай нәзік тым,  
Көргенім көп, бірақ мүмкін аз ұқтым.  
Мұнша сырлы дүниені өзіндей  
Жеткізер дәл айтып, әлде, жазып кім.

Аспалы жол, самғап ұшып барамыз,  
Ұшқыш кілем, еске тұсті бар аңыз.  
Жерүйық та, бақыт-шаттық, осында,  
Шығып алып Көктөбеден қараңыз.

Білмей тұрмын енді тіпті не деуге,  
Оған осал барлық асыл теңеу де.  
Баурап, билеп сиқыр сұлу көрініс,  
Қарай бердім көз айырмай Медеуге.

Мақтаныш боп кәріге, жас балаға,  
Көрік бердің шетсіз, шексіз даға.  
Қандай адам құмар болмас Алматым,  
Сендей әсем, сендей нұрлы қалаға.

Саған ынтық болып алдым, құмармын,  
Әлем сүйіп құмарланар туар күн.  
Шалқар көңіл, шаттық өмір тоғысқан  
Алматының барына мен қуандым.

## АЙЛЫ КЕШ

Айлы кеш, армандағас екі жас,  
Көлеңке – бір дене еді рас.  
Келеміз ынтығып, құмартып,  
Тұрғандай бір міндет тұн артып.  
Маужырап, жазғы тұн мұлғиді,  
Жылды леп, шөп басын шұлғиды.  
Жұлдыздар жымындағ ымдасқан,  
Аялап тұр бізді тұнгі аспан.  
Бақ іші, тал, терек аралас,  
Қызықтап қарайды әр ағаш.  
Сыңғырлап сезімтал бұлақтың,  
Сыр шертіп жатқанын ұнаттым.  
Қызыққа құмары бір қанбай,  
Жас орман елжіреп тұрғандай.  
Ай Күнді күтеді, Күн Айды,  
Мөлт етіп бір жұлдыз құлайды.  
Гүлдер де сүйеді бір-бірін,  
Сеземін тынысын, дір-дірін.  
Махаббат өмірдің тірегі,  
Табиғат танытып тұр еді.  
Екеуміз сыр ұқтық, ой алдық,  
Бақыттан масайып ояндық,  
Тіл қатпай телміре қараймыз,  
Құпия бір ләzzат қалаймыз.

Мастардай бір жүріп, бір тұрдық,  
Жүзіміз алаулап құлпырдық,  
Тынымсыз тулатып жүректі,  
Белгісіз бір сезім жүр епті.

От жалын еріндер табысты,  
Жүректер тұлпардай жарысты.  
Сүйемін өмірдің түнін де,  
Бір ғажап дәм қалды тілімде.

## КЕТЕР ЕМЕС ЕСІМНЕҢ

Байтақ даала алақаны алыштың,  
Тәтті қиял — сыр пернесін ағыттың.  
Содан бері кетер емес есімнен,  
Махаббатты, маужыраған мамық, тұн.

Ерке назбен қыла бір қарап ең,  
Жымың қақты тамашалап бар әлем.  
Сол бір түннің нүктесіндей қойылған,  
Бетіндегі жарасымды қара мен.

Өмір өтер, өмір өтпей тұрмайды,  
Көңіл бірақ өзге жанға бүрмайды.  
Гүл боп өстің кеудемнің гүл бағына,  
Жүрек сені аялайды, жырлайды.

## ГҮЛ БЕРДІМ

Ақындар нәзік жыр еткен,  
Даланың теңсің гуліне.  
Құттықтал адал жүректен,  
Гүл бердім туған күніңе.

Құлпырып өскен егіз гүл —  
Махаббат, достық символы.  
Арманым асыл еді бұл,  
Аяла, сәулем, сен мұны!

## СҮЙШІ ЖАНЫМ

Сүйші жаным, сүйе берші, өртеші,  
Дала кеші қымтап жатыр көрпесін.  
Мендей жанның арманы жоқ өмірде,  
Сүйсе сендей қыздың сұлу еркесі.

Сенсіз маған өмір қараң тылсымдай,  
Жүрек саған тынған емес құлшынбай.  
Жастық жалын шарпысын да ерітсін,  
Келші жаным, қылымсымай, қымсынбай.

Бура бұлттар үйпалаған тау басын,  
Жадырайды бусанып бір жауғасын.  
Сен де мені жадыратшы, жайнатшы,  
Отты жүрек лапылдастын, лауласын.

## ТЕЖЕЙ БЕРМЕЙ

Неге керек жалған әдет бояма,  
Ішкі сезім сыртқа теппей қоя ма?  
Қызыл гүлі махаббат қой өмірдің,  
Қызығына адам сірә тоя ма?

Жүрек шіркін неге суып-күймесін,  
От бол жанып сую керек сүйгесін.  
Тежей бермей көніліңнің қалауын,  
Ағыт жаным, камзолыңның түймесін.